



**“Денсаулық”  
білім беру саласы  
бойынша  
Дидактикалық  
ойындар**



## Ойындар тізімі

1. Күн мен түн
2. Жапалақ
3. Қоңыздар
4. Қояндар мен қасқыр
5. Торғай мен мысық
6. Қояндар мен түлкі
7. Ұшақтар
8. Әтеш айқасы
9. Апандағы аю
10. Бақа мен тырна
11. Бағдаршам
12. Бәйге
13. Мысық пен тышқан
14. Сабалақ күшік
15. Күн мен жаңбыр
16. Қасқыр мен ешкі
17. Аралар
18. Қасқыр мен лақтар



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Күн мен түн»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын ояту, ой-өрісін дамыту.

**Ойнаушылар саны:** 8-10 бала

**Құрал-жабдықтар:** Күн мен түн атрибуты

**Ойынның барысы:**

Алаң ортасына көлденең сызық сызылады да, оған қарама-қарсы екі жағынан әрбір метр сайын тағы екі сызық сызылады. Ойыншылар саны жағынан бірдей екі топқа бөлінеді. Топтың біріне «күн», екіншісіне «түн» деп ат қойылады.

Ойын жүргізуші топтың бірінің атын атайды. Мәселен: ойын жүргізуші «күн» деп дауыстаса, «түн» тобындағы ойыншыларды мәре сызығына дейін қуып барады.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Жапалақ»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Баланы шапшаңдыққа, ептілікке және мұқият тындай білуге үйрету.

**Ойнаушылар саны:** 5 - 7 бала

**Құрал-жабдықтар:** Жапалақ атрибуты

**Ойынның барысы:**

Ойыншылар алаңға емін еркін тұрады. Ал келесі жақта жапалақ отырады немесе тұрады.

Тәрбиеші айтады: күн шығып, барлығы оянады. Балалар алаңда әр түрлі қимыл-қозғалыстарды жасап емін-еркін қозғалады. Көбелектерді, шегірткелерді қуып ұстамақшы болады.

Кенет тәрбиеші түн болды, барлықтарың орындарыңда тұрындар, қазір жапалақ ұшады дейді.

Осы уақытта барлық балалар тез арада тоқтауы қажет. Жапалақ ақырындап жүріп балалардың

қасынан қарап өтеді. Кім қозғалып, күледі, сол баланы жапалақ ұясына алып кетеді. Біраз

уақыттан кейін ойын аяқталып, тәрбиеші жапалақтың қанша баланы ұясына алып кеткенін

санайды. Осыдан кейін жаңа ойын басталып, жапалақтың қарамағына түспеген баланы жапалақ

етіп сайлайды. Ойын барысында жапалақ көп бала жинаса, жеңіске жетеді.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Қоңыздар»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балаларды жүгіруге, белгі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету.

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Қоңыздардың бет перделері

**Ойынның барысы:**

Ойын сылдырмақпен немесе әуен ырғағының белгісімен өткізіледі.

«Қоңыздар ұшты» деген белгімен балалар тұрады, сілкінеді. «Қоңыздар қонды» деген белгімен балалар отырады.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Қояндар мен қасқыр»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Қояндар мен қасқыр атрибуттары

**Ойынның барысы:**

Балалардың біреуі қасқыр болады, басқа балалар қояндар болады.

Тәрбиеші қояндар серуенге шығыпты дегенде қояндар:

“Ұзын құлақ сұр қоян” ..... – деп тақпақтарын айтып, серуенге шығады.

Дөңнің артынан қасқыр келе жатыр дегенде қояндар қашады.

Қасқыр қояндарды ұстап алуы тиіс. Ойын осылай жалғаса береді.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Торғай мен мысық»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балалардың қимыл – қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.

**Ойнаушылар саны:** 10 бала

**Құрал-жабдықтар:** Торғай мен мысық атрибуттары

**Ойынның барысы:**

Жерге шеңбер сызылады. Балалардың біреуі мысық болады, өзге балалар торғай болады. Торғайлар шеңбердің ішінде отырады.

Тәрбиеші: «Торғайлар ұшыпты, қанаттарын қағыпты» - дегенде торғайлар ұшады. Мысық торғайларды ұстайды.

Мысыққа шеңбердің ішіне кіруге болмайды. Ойын осылай жалғаса береді.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Қояндар мен түлкі»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету. Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Қояндар мен мен түлкі бет пердесі

**Ойынның барысы:**

Қояндар алаңның бір жағында жүреді. Ал алаңның екінші жағында түлкі болған балалар орындықта тұрады. Алаңның қарама- қарсы жағында түлкінің үйі орналасқан. Қояндар секіріп ортаға шығып жүреді, сәбіз жейді. Тәрбиешінің белгісімен «түлкі» - келді деген кезде «қояндар» секіріп қашады. Түлкі қояндарды қуып ұстайды. Ұсталған қояндарды үйіне апарды. Ойын 4-5 рет қайталады.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Ұшақтар»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балаларды дұрыс жүгіруге, белгі бойынша қозғалуға үйрету

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Ұшақтардың атрибуттары

**Ойынның барысы:**

Балалар бөлменің бір жағында орындықтарда отырады. Тәрбиеші қолдарын кеудесіне қойып айналдыра «р- р- р» деп ұшақтың моторының қалай жұмыс жасайтынын көрсетеді. Содан соң балаларға: «Тұрыңдар, моторды қосып ұшуға дайындалайық» - дейді. Барлығы тәрбиешінің қимылын қайталайды. Тәрбиешінің «қондық» деген белгісі бойынша орындарына отырады. Ойын қайталанады.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Әтеш айқасы»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Белсенді қимыл қызметіне қызығушылығын, жалпы төзімділігін, жылдамдық, пәрменділік қасиеттеріне тәрбиелеу.

**Құрал-жабдықтар:** Әтеш бетпердесі

**Ойынның барысы:**

Екі топтан екі бала ортаға тұрады, екеуі де сол аяқтарын бұрып, сол қолымен ұстап көтеріп тұрады. Оң қолдарын кеуделеріне қояды. Содан соң кәдімгі әтешке ұқсап, бір-біріне ұмтылып иық қағыстырады. Қайсысы жығылса, не бүгілген аяғын түсіріп алса ұтылады. Осылайша топ мүшелері түгел ойнап болғаннан кейін, көп ұпай жинаған топ жеңеді.



### Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Апандағы аю»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу.

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Аюдың атрибуты

**Ойынның барысы:**

Балалардың біреуі аю болады. Өзге балалар серуенге шығып:

«Апандағы аюдың

Құлпынайы көп екен

Теріп, теріп алайық

Қалтамызға салайық» - деп тақпақтарын айтып серуенге шығады.

Сонда аю оянып балаларды ұстайды. Ойын осылай жалғаса береді.



### Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Бақа мен тырна»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Қозғалмалы ойындар мен жаттығулардың алғашқы түсініктері мен дағдыларын қалыптастыру. Балаларды достық қарым -қатынасқа тәрбиелеу.

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Бақа мен тырна атрибуттары

**Ойынның барысы:**

Алаңның ортасында (15см биіктікке жіптерді іліп, батпақ белгілейді, алаңның шетінде тырна тұрады. Балалар батпақ саздан масаларды ұстап секіреді.

«Тырна» деген белгі бойынша тырна жіптен аттап, бақаларды ұстайды.

Бақалар батпақтан екі аяғымен итеріліп, бір аяқпен жүгіре шығады. Ұсталған бақалар тырнаның ұясына барады.



### Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Бағдаршам»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Жол ережесін сақтауға, түстерді ажыратып, бағдаршам көздерінің белгілерін айыра білуге үйрету.

Балаларды қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету.

Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

**Ойнаушылар саны:** 10 бала

**Құрал-жабдықтар:** Бағдаршам көздері

**Ойынның барысы:**

Тәрбиеші «қызыл» түсті көрсеткенде, балалар қимылдамай тұрады. Ал «сары» түсті көрсеткенде балалар қол шапалақтайды. «Жасыл» түсті көрсеткенде балалар орнында ары – бері жүреді. Ойынды бірнеше рет қайталайды.



### Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Бәйге»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Белсенді қимыл қызметіне қызығушылығын, жалпы төзімділігін, жылдамдық, пәрменділік қасиеттеріне тәрбиелеу.

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Ағаш ат

**Ойынның барысы:**

Ойнаушылар көмбедегі сызықтың бойына қатарға тұрады, ойын жүргізушінің белгісі бойынша барлығы бір мезгілде көмбеден шығады.

Ойынның шарты бойынша белгіленген аралықты жүріп өтулері керек.

Көмбеге қарай кім бұрын келеді, сол жеңімпаз атанады.





## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Мысық пен тышқан»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балаларды жеңіл жүгіруге, бір-бірін итермеуге, кеңістікті бағдарлай білуге, тәрбиешінің белгісі бойынша қозғалысты өзгертуге үйрету, шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Ойнаушылар саны:** Барлық бала

**Құрал-жабдықтар:** Мысық, тышқан бетперделері

**Ойынның барысы:**

Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатыса алады. Балаларды дөңгелене тұрғызып, ортаға тышқан мен мысық сайланады. Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек. Дөңгелене тұрған балалар тышқанды мысықтан құтқару үшін, қақпадан тышқанды шығарып жіберіп мысықты шығармауға тырысады. Мысық тышқанды ұстап алса, ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Сабалақ күшік»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балаларды кезек-кезек әр түрлі қимыл көрсетуге үйрету.

Белсенді қимыл қызметіне қызығушылығын, жылдамдық, пәрменділік қасиеттерге тәрбиелеу.

**Ойнаушылар саны:** 10 бала

**Құрал-жабдықтар:** Сабалақ күшік бет пердесі

**Ойынның барысы:**

Балалардың біреуі сабалақ күшікті бейнелейді; ол орындыққа отырады немесе көрпеге жатады. Қалған балалар өлең жолын айтып күшікке ақырын жақындайды. Күшік орынынан тұрып, үреді. Балалар қашады, күшік артынан қуады. Ойын осылай жалғасады.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Күн мен жаңбыр»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балаларды шашырап жүруге және жүгіруге үйрету, бір-бірін итермей, тәрбиеші белгісі бойынша қозғалып тоқтауға жаттықтыру.

**Жас ерекшелігі:** Ортаңғы топ

**Ойнаушылар саны:** Барлық бала

**Құрал-жабдықтар:** Орындықтар, қолшатыр, әуен

**Ойынның барысы:**

Балалар орындықта отырады. Тәрбиеші айтады: «Аспанда күн шығып тұр!»

«Ендеше қыдыруға болады!» Балалар шашырап бөлме бойы жай жүреді.

Белгі бойынша «Жаңбыр! Тез үйге!» - дегенде жүгіріп өз орындарына орындыққа отырады (үйлеріне).



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Қасқыр мен ешкі»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балаларды шашырап жүруге және жүгіруге үйрету, бір-бірін итермей, тәрбиеші белгісі бойынша қозғалып тоқтауға жаттықтыру.

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Қасқыр, ешкі атрибуты

**Ойынның барысы:**

Ойынға қатысушылар санамақ айтып қасқыр мен ешкіні белгілейді. Басқа балалар бақташы болады. Бақташылар қол ұстасады да, ешкіні ортаға алып дөңгелене жүре бастайды. Қасқыр шеңбер ішіндегі ешкіні ұстауға әрекет жасайды. Алайда, оған тек қақпа арқылы ғана өтуге болады.

Дөңгелене айналып жүргендердің ішінен екі бала қолдарын көтеріп алады. Бұл қақпа. Қасқыр амалдап сол тұстан өтуге тиіс. Ал ешкі өз еркінше жүре береді.

Қасқыр ешкіні ұстағанша ойын жалғаса береді.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойынның атауы:** «Аралар»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Қырағылыққа, ептілікке және ойынды дұрыс ойнауға үйрету.

Балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Балалардың ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

**Жас ерекшелігі:** Ортаңғы топ

**Ойнаушылар саны:** Барлық бала

**Құрал-жабдықтар:** Аралар бетпердесі

**Ойынның барысы:** Бір топ бала қол ұстасып, шенбер жасап тұрады да, 3-4 бала ортаға шығады. Олар – аралар. Аралар бір-бірімен сөйлесе бастайды, қандай жұмыс көрсететінін кеңеседі. -Топ ара ұшады, Балалар осылай әндетіп, аралардың қимылын қайталайды. «Тап болсаң бір жалқауға, алып кел оны ортаға» - деп қормен әндетеді. Аралар осы сөздерді айта жүріп өздерінің қимылын қайталай алмаған жалқауларды ортаға шығарады да өздері солардың орнына барып тұрады. Енді шенбер жасап тұрғандардың бәрі дауыстап әндетеді: Әй, әй, жалқау бұл қулар, Жалқауды тез қуыңдар. Сөйтіп, сұқ саусақтарын шошайтып тұрып жалқауларды аластайды. Бұдан кейін ойын қайта басталады.



## Әдістемелік төлқұжат

**Қимыл-қозғалыс ойын атауы:** «Қасқыр мен лақтар»

**Білім беру саласы:** Денсаулық

**Бөлімі:** Дене шынықтыру

**Мақсаты:** Балалардың қимыл-қозғалыстарын арттырып, ептілікке баулу

**Ойнаушылар саны:** 5 – 6 бала

**Құрал-жабдықтар:** Лақтар мен қасқыр атрибуттары

**Ойынның барысы:**

Балалардың біреуі қасқыр болады, басқа балалар лақтар болады. Тәрбиеші лақтар серуенге шығыпты дегенде лақтар секіріп-секіріп серуенге шығады.

Дөңнің артынан қасқыр келе жатыр дегенде лақтар қашады. Қасқыр лақтарды ұстап алуы тиіс. Ойын осылай жалғаса береді.

